

НАЗАР

Ынтымақтықтың ырысы қашан кіреді?

XXI ғасыр ғылым мен технологияның қарыштап дамыған дәуірі дейміз. Озық елдер ауадан су, желден жарық шығарып, өркениеттің тағы бір кезеңін артқа қалдыруда. Ал өркениет туралы осындай өркениетті әңгімені қала іргесіндегі Ынтымақ ауылының тұрғындарына айтсақ, сенер ме екен?!



сауалдың жалғасындай бола берді: «Билік ауылды ұмытты. Неге?.. Ауылдың бар екенін ұмытып кетті. Неге?.. Тіпті, онда адамдар тұратынын, олардың да лайықты өмір сүруге құқылы екенін естен шығарды. Неге?.. Еліміздің шын болмысын көру үшін ауылға барып көру керек. Он жылдан астам уақыт болды ғой біздің мәселеміздің шешімін таппай келетініне. Бос уәде, құр шөппен аузымызды сүртіп келеді. Бүгінгі ауыл жайы біздің биліктің түк бітірмегенін айтып береді...»

...Бұдан кейін өр-кениет, технология туралы әңгіме айтудың өзі қисынсыз болар. Шынтуайтында

Ынтымақтықтардың жана айқайы жанымызды ауыртты.

ғана қарастырылған. Тас жол оның қақпасының ғана емес, есік алдына да төселген. Ынтымақтықтардың атынан редакциямызға арнайы келген көпбалалы ана Айнагүл ЕСТАЕВА осы уақытқа дейін шырмауықша шырмалған мәселенің түйіншегі әлі тарқатылмай келетінін айтып, сәрсенбі күні тағы да атқамінерлердің қатысуымен өтетін ауылдың жиынына келуімізді өтінген еді. Елдің атынан келген ананың өтініші мен қара халықтың мұң-мұқтажына құлақ түріп, түйткілді мәселенің жібін тарқатуда қала іргесіндегі осы уақытқа дейін

жыры бітпеген ауылдың жайына алаңдаулы жұрттың сөзіне жиынға келген шенеуніктер енді қандай уәж айтатынын білуге асықтық.

Сағат алтыда басталатын жиынға келгенімізде мұндағы жұрт Күлтөбенің басына жиналғанындай орталық көшеге лықа толмаса да дүйім ел болып, қаладан келетін билік өкілдерін күтіп тұрғанын көрдік. Газеттен келгенімізді білген ел қара қазандай болған өкпе-наздарын айтып әлек болды. Неге екенін, дүйім жұрттың ішіндегі апаның айтқан сөзі ауылға келе жатып көлік ішінде сан түрлі ойға батырған менің санамдағы


Жыл сайын уәдені үйіп-төгіп беретін жергілікті әкімдік бұл жолы халыққа не деп жауап берді?

Іргемізде тұрса да тоқтың күші бірде жетіп, бірде өшіп қалып, салдарынан білте шамды қанағат тұтқан жұрттың яғни, қалаға қарайтын қараңғы ауылдың тыныс-тіршілігінен облыс әкімі Амандық Баталов хабардар ма?.. Сонымен, ынтымақтықтардың ырысы қашан кіреді? Бұл жайындағы толық мақаланы газетіміздің алдағы санынан күтіңіздер.

С. ӘЙТЕНОВА.

АНДАТПА

ТҰҒЫР 4-бет



ҚАЗАҚ ТІЛІ ҚАШАНҒЫ ҚАЛТАРЫСТА ҚАЛА БЕРМЕК?

ОЙТАЛҚЫ 5-бет



«СТАВКАҢЫЗ» ҚАНША? немесе жырға бір мыңның жырғы

РОМАННАН ҮЗІНДІ 8-9-бет



«ӨІТӨКІРІ ЕНДЕГІ» ҚЫРҒЫН

КӘКІМЖАН ҚАЗЫБАЕВ – 90 13-бет



СУРАҒЫЛ КЕЗЕҢНІҢ СҮРҒЫЛ СҮРЕТІ

ОТАНДЫҚ ӨНІМ

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТТІ

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНДА
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ
АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ
ӨНІМДЕРІНІҢ
ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТТІ.**

Жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын бұл бастаманың негізгі мақсаты – бас шаһар тұрғындарын таза әрі табиғи отандық өнім түрлерімен қамтамасыз ету. «Хан Шатырында» өткен жәрмеңкеге жалпы Жетісу жеріндегі 17 аудан, 3 қаладан 330 тоннаға жуық ауылшаруашылық өнімі жеткізілсе, оның біразы талдықорғандық шаруалардың үлесінде.

Талдықорған қалалық ауылшаруашы-



лық бөлімінің басшысы Нұрлан Жамаубаевтың айтуынша, бас қаладағы сауда сөрелеріне жетісулық шаруалар өндірген ет, сүт, құрт, май, қымыз, шұбат, бал мен қант, құс және балық өнімдерімен қатар жеміс-жидектердің 50-ге жуық түрі қойылған. Соның ішінде талдықорғандық шаруалар жалпы құны 2 миллион теңгеден асатын 40-қа жуық өнім түрін саудалап қайтқан. Бастысы Арқа жұртына ұсынылған әрбір өнім күнделікті базар бағасынан әлдеқайда арзан әрі сапалы болуымен құнды. Ол, біріншіден, қала халқын сапалы азық-түліктермен қамтамасыз етуді көздесе, екіншіден, зат бағасының беталды шарықтап кетуінің алдын алуға бағытталған.

А. КӘЛІМХАН

ӨНЕР

ҒАСЫРДАҒИ ЖЕТІКЕҒИ

ҒАЖАҒИ ҰҒИ



Талдықорғанда облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы мен халық шығармашылығы орталығының ұйымдастыруымен «Ғасырлар үні» фольклорлы-этнографиялық ансамбльдер фестивалі өтті.

Н. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы аясында өткен шарада әр ауданның өнерпаздары бақ сынасты. Байқау шарты бойынша әр үміткер бір күй және ансамбльдің сүйемелдеуімен халық өнін орындады. Осылайша халық жадында көмескілене бастаған халық әндерін қайта бір жаңғыртқан орындаушылар көрерменнің көңілін көкке көтергендей әсер қалдырды.

Ғасырдан мұра боп жеткен мәдени құндылықтарымыз насихатталды. Жиналған қауым арасынан бір топ шетелдік меймандарды да көзіміз шалды. Қазақ өн өнеріне тәнті болған қонақтардың әсері мерейімізді одан әрі арттыра түсті.

Өнер саласындағы ұжымдар арасында тығыз шығармашылық байланыс орнатуды мақсат тұтқан ұйымдастырушылар жаңа есімдерді анықтап, оларға қолдау көрсету қажеттігін атап өтті. «Сай-

ыс барысында өнерпаздар өзара тәжірибе алмасып, төл өнеріміздің дамуына өзіндік үлестерін қосуда», - дейді басқарма басшысының орынбасары Ө. Жақыпбекова.

Көп ішінен топ жарып, тыңдарманның көзайымына айналған кербұлақтық «Күреңбел» фольклорлы-этнографиялық ансамблі бас жүлдені иеленді. Ал, Кеген ауданының өнерпаздарынан құралған «Ере-уіл» ансамблі бірінші орын тұғырынан көрінді. Талдықорған қалалық «Дарабоз», Жамбыл аудандық «Сүйінбай сазы» ансамбльдеріне жүлделі екінші орын бұйырды. Үшінші орынды Ұйғыр ауданынан «Жазерке», Панфиловтан «Жаркент әуендері», Көксу ауданынан «Сондай-ақ, Іледен «Сарытауқұм» ансамбльдері қанжығалады. Жүлдегерлер арнайы дипломдармен, ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Шара соңында өнерпаздарға облыс әкімінің атынан ықылас гүлі табыс етілді.

«АЛАТАУ – АҚПАРАТ»

ШАРА

Талдықорған қаласындағы «City Plus» сауда-ойынсауық орталығында Алматы облысының Кәсіпкерлер палатасы кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және әкімшілік кедергілерді азайту бөлімінің «Көшпелі кеңес беру» жұмысы жүргізілді.

КӨШПЕЛІ КЕҢЕС БЕРУ

Іс-шарада тәжірибелі мамандар кәсіпкерлерге және өз ісін бастағысы келетіндерге бизнесті жүргізумен байланысты ең маңызды сәттерді түсіндірді. Кәсіпкерлер көбінесе қызықтырған ЖК, ЖШС ашу, салық есебін тапсыру, Алматы облысының Кәсіпкерлер Палатасы қайда орналасқан, қандай жұмыс уақыты, кеңес алу үшін кімге жүгінуге болатынын, кәсіпкерлерді қолдаудың қандай бағдарламалары бар және гранттарды қайтару қажет пе деген сұрақтар болды.

Кездесуде төрағалық еткен Алматы облысы Кәсіпкерлер Палатасының Кәсіпкерлер құқығын қорғау және әкімшілік кедергілерді азайту бөлімінің басшысы Әділет Сұлтанбекұлы Сұлтанбек Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы кәсіпкерлік қызметті реттеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия жанындағы кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық топ басшысының орынбасары, Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Гүлнар Төретайқызы Құрбанбаеваның басшылығымен кәсіпкерлік субъектілері бизнесті дамыту кезінде кездесетін орталық және жергілікті атқарушы органдардың әкімшілік кедергілері мен формализмін анықтау және зерделеу мақсатында және проблемаларды шешу перспективасы туралы атқарылып жатқан ауқымды істер төңірегінде жиналғандарға әңгімелеп берді.

Сонымен қатар шара барысында ҚР Ұлттық экономика министрлігі, «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ және жергілікті атқарушы органдар қызметкерлері ШОБ өкілдерімен рұқсат құжаттарын алу, Әкімшілік айыппұлдарды ұлғайту, дәрiхана бизнесіндегі кедергілердің туындауы, субсидиялау мәселелерін шешу жолдарын талқылады.

Ш. ХАМИТОВ.

ӘДЕБИЕТ

ШЕТЕЛДІК ШАЙЫРЛАР – ЖЕТІСУ ЖЕРІНДЕ

І. Жансүгіров атындағы университетте «Мизам» әдеби клубының ұйымдастыруымен түрік ақыны Мехмед Нури Пармаксыз және өзірбайжан ақыны, журналист Хаяль Рзамен кездесу өтті. Азия елдері қаламгерлерінің І форумынан соң Жетісудың тұмса табиғатын тамашалауға келген түркі бауырларымызды асқан қонақжайлылықпен қарсы алған білімгерлерге де шайырлармен сыр шертісудің сәті туды.

Шетелдік қаламгерлер студенттерді өз шығармаларымен таныстырып, пікір алмасты. Әдебиет турасында әсерлі әңгімелер айтылып, түркітілдес үш мемлекет арасындағы әдеби, мәдени байланыс беки түсті.

Түрік, өзірбайжан тілінде авторлардың өлеңдерін жатқа

оқыған студенттер меймандардың ыстық ықыласына бөленді. Тілді меңгеруге бейім студенттердің ынта-жігерін аңғарған қонақтар жастарға ризашылығын білдірді. «Жастар – біздің келешегіміз. Осы отырғандардың арасынан келешекте үлкен ақын немесе жазушы шығуы бек мүмкін. Сондықтар

үнемі қолдау білдіріп, қанатының қатаюына жағдай жасап отыру керек. Студенттердің көзінен от көрдім. Білімге құштар екенін аңғардым», - дейді Мехмед Нури Пармаксыз.

Айта кетейік, Қазақстанға Түркия елі тарапынан латын тілінде жазылған 10 000 кітап сыйланбақ. Оның бір бөлігін Алматы облысының кітапханалары иеленеді.

Шара соңында жастар ақындардан қолтаңба алып, естелік суретке түсті. Қазақтың күмбірлеген күйі орындалып, қастерлі қара домбыра қонақтарды тәнті етті.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

КЕЗДЕСУ

«ОТБАСЫ КҮНІ» МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАЛЫҚ СОТЫНЫҢ СУДЬЯСЫ САРА ЖАҢБЫРБАЕВА, АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ СОТЫНЫҢ СУДЬЯСЫ СИМУЗАР ҚҰРБАНОВА НЕКЕ БҰЗУ ТУРАЛЫ ТАЛАППЕН СОТҚА ЖҮГІНГЕН ЖАС ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ.

ОТБАСЫ ТҰТАСТЫҒЫ

Кездесу барысында отбасы маңыздылығы сөз етілді. Отанымыздың кемелденіп, өсу жолында жанұядағы береке-бірлік пен татулықтың алар орнының ерекше екендігін айтты. Сондай-ақ, болмашы себепке бола ренжісіп, ажырасудың салдары балалар болашағына нұқсан келтіретіні туралы да мазмұнды әңгіме өрбітілді.

Отбасы тұтастығы мен мызғымастығын сақтау үшін төзімділік таныта отырып, күресу керектігі туралы да тілге тиек етілді.



Аталған іс-шара «Жетісу» телеарнасына түсіріліп, отбасылық құндылықтарды насихаттау бағытындағы жүргізіліп жатқан шаралардың бірі ретінде көрсетілетін болды.

Ш. БАТЫРОВ

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ



ганизации свыше 35,5 млрд тенге. Надо отметить, что в 2019 году объем переводов в страховые организации значительно увеличился (за 7 месяцев 2018 года он составлял чуть более 11,1 млрд тенге). В 2019 году с даты ввода обязательных профессиональных пенсион-

ОБЗОР КЛЮЧЕВЫХ ПОКАЗАТЕЛЕЙ АО «ЕНПФ» НА 1 АВГУСТА 2019 ГОДА

Доходность пенсионных активов превышает уровень инфляции

Общая сумма пенсионных накоплений на 1 августа 2019 года по всем видам взносов составила 10,17 трлн тенге, увеличившись с начала года на 8%, а за год на 19% или 1,6 трлн тенге. Сумма пенсионных взносов, поступившая на все виды пенсионных счетов с начала года, составила 549,2 млрд тенге.

Пенсионные накопления, сформированные за счет обязательных пенсионных взносов (ОПВ) на 01.08.2019 г. составили 9,9 трлн тенге, за счет обязательных профессиональных пенсионных взносов (ОППВ) – 224,9 млрд тенге, за счет добровольных пенсионных взносов (ДПВ) составили 1,9 млрд тенге.

На 1 августа 2019 года общее количество индивидуальных пенсионных счетов по ОПВ, ОППВ, ДПВ вкладчиков (получателей) составило 10,3 млн счетов, увеличившись с начала года почти на 152 тыс. счетов (с учетом закрытия счетов по выбывающим из системы участникам).

Общая сумма пенсионных выплат за семь месяцев 2019 года составила свыше 124 млрд тенге (для сравнения – за аналогичный период прошлого года общая сумма пенсионных выплат составила 110,9 млрд тенге). При этом выплаты по возрасту составили 43,9 млрд тенге, в связи с выездом за пределы Республики Казахстан 26,2 млрд тенге, переведено в страховые ор-

ганизации (с 01.01.2014 г.) прошло полных 5 лет. У вкладчиков, достигших 50 лет, в пользу которых в течение 60 месяцев осуществлялось перечисление ОППВ, появилась возможность приобретения пенсионного аннуитета при достаточности накоплений за счет совокупных сумм, сформированных за счет обязательных, обязательных профессиональных и добровольных пенсионных взносов. Этим правом уже воспользовались более 1,2 тыс. человек, которые перевели в страховые организации за счет совокупных накоплений порядка 16,2 млрд тенге. Таким образом, льгота для людей, работающих на вредных и опасных производствах, в виде досрочного получения пенсионных накоплений из ЕНПФ за счет ОППВ за вредные условия труда в полной мере реализуется.

Чистый инвестиционный доход, начисленный на индивидуальные пенсионные счета вкладчиков ЕНПФ, за 7 месяцев 2019 года превысил 363,2 млрд тенге. Доходность пенсионных активов с начала года составила 3,77% при инфляции за этот же период 2,8%. Если рассматривать этот показатель в годовом выражении (за последние 12 месяцев), то доходность пенсионных активов составила 9,65% при инфляции 5,4%. Следовательно, пенсионные активы имеют реальную положительную доходность за последние 12 месяцев в размере 4,25%.

ЕДИНЫЙ СОВОКУПНЫЙ ПЛАТЕЖ - ИТОГИ ПОЛУГОДИЯ

С начала 2019 год в казахстанском законодательстве было введено новшество - Единый совокупный платеж (ЕСП). Главная причина его введения – это упрощение регистрации деятельности неформально занятых лиц.

Сегодня данный платеж заменяет собой 4 обязательных платежа в один разовый:

- индивидуальный подоходный налог;
- обязательный пенсионный взнос в ЕНПФ;
- обязательное социальное отчисление в Государственный фонд социального страхования (ГФСС);
- социальный взнос в Фонд социального медицинского страхования (ФОМС).

Плательщики ЕСП – это физлица, осуществляющие предпринимательскую деятельность без регистрации в качестве индивидуального предпринимателя, которые одновременно соответствуют следующим условиям: уплатили единый совокупный платеж; не используют труд наемного работника, оказывают услуги только физлицам, которые не являются налоговыми агентами и (или) реализуют только физлицам, не являющимся налоговыми агентами, сельскохозяйственную продукцию личного подсобного хозяйства собственного производства, за исключением подакцизной продукции.

Не признаются в качестве плательщиков ЕСП физлица, оказывающие услуги (выполняющие работы) на территории торгово-развлекательных центров (ТРЦ); лица, занимающиеся частной практикой, арендодатели нежилых помещений, лица, имеющие государственную регистрацию в качестве индивидуального предпринимателя, а также иностранцы и лица без гражданства, за исключением оралманов.

Для физических лиц, являющихся плательщиками ЕСП в соответствии со статьей 774 Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс), обязательные пенсионные взносы в свою пользу, подлежащие уплате в ЕНПФ, составляют в 2019 году:

- в городах республиканского и областного значения, столице - 2525 тенге
- в других населенных пунктах - 1262 тенге.

Плательщикам самостоятельно делить на 4 платежа эту сумму не нужно, после поступления в бюджет, она распределяется по назначениям автоматически.

Сумма единого совокупного платежа распределяется НАО ГК «Правительство для граждан» в следующей пропорции:

- 10% – индивидуальный подоходный налог (ИПН);
- 20% – социальные отчисления (СО);
- 30% – обязательные пенсионный взносы (ОПВ);
- 40% – отчисления на обязательное медицинское страхование (ОСМС).

Сумма единого совокупного платежа не зависит от размера полученного дохода и не требует дополнительных расчетов (доходы, расходы, вычеты, прибыль).

Уплачивать единый совокупный платеж необходимо

отдельно за каждый месяц, в котором был получен доход.

Граждане, подпадающие под режим ЕСП, имеют возможность на облегченных условиях платить все платежи и участвовать в системах социального обеспечения. Также к плюсам единого совокупного платежа можно отнести и участие в системе обязательного социального медицинского страхования и получение доступа к медицинским услугам, неограниченным по сумме и видам, с правом выбора медицинского учреждения после введения ОСМС. Участник системы также имеет право на получение социальных выплат в случаях утраты трудоспособности, потери работы, потери кормильца, беременности и родов, усыновления или удочерения ребенка, ухода за ребенком.

Одним из главных плюсов для казахстанцев, являющихся плательщиками ЕСП, стало участие в накопительной пенсионной системе и получение базовой пенсионной выплаты в зависимости от стажа участия в системе. Кроме пополнения своих пенсионных накоплений в ЕНПФ, для плательщиков ЕСП теперь появилась возможность получать базовую пенсионную выплату в зависимости от стажа участия в пенсионной системе.

Так за первое полугодие, прошедшее со дня введения данного вида платежа,

121 977 физических лиц внесли обязательные пенсионные взносы в ЕНПФ путем уплаты ЕСП на общую сумму 112 млн тенге.

Еще одним плюсом ЕСП стала существенная финансовая прибавка к минимально гарантированной государством социальной помощи в виде пособий, а также тот факт, что за счет подтверждения своего дохода, повысилась потенциальная кредитоспособность граждан. То есть теперь плательщик ЕСП официально может получить кредит в банке, подтвердив свою платежеспособность регулярными взносами.

ЕСП подлежит уплате общей суммой через банки второго уровня или организации, осуществляющие отдельные виды банковских операций (например, через АО «Казпочта»). Платеж следует перевести на банковский счет Государственной корпорации «Правительство для граждан». Далее Госкорпорация распределяет платеж в виде индивидуального подоходного налога (ИПН) и социальных платежей, затем перечисляет ИПН в бюджет региона, а социальные платежи в ЕНПФ, ГФСС и ФОМС.

Плательщиками ЕСП налоговая отчетность не предоставляется. Регистрация (уведомление) начала деятельности и заявление о приостановлении (прекращении) деятельности не требуются. Физлицо признается плательщиком ЕСП со дня, в котором произведена его уплата. Прекращение уплаты означает, что физическое лицо больше не является плательщиком ЕСП.

ПРАВИЛЬНЫЙ ПОДХОД – ОСНОВА УРОЖАЯ

КАК СООБЩАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА СПК «ЖЕТИСУ», АЛМАТИНСКАЯ ОБЛАСТЬ – КРУПНЫЙ АГРОПРОМЫШЛЕННЫЙ РЕГИОН. БЛАГОДАРЯ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОДДЕРЖКЕ АГРАРИИ ЕЖЕГОДНО УВЕЛИЧИВАЮТ ПЛОЩАДЬ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫХ КУЛЬТУР И НАРАЩИВАЮТ ОБЪЕМЫ ПРОИЗВОДСТВА ПРОДУКЦИИ.

В числе инструментов господдержки сервисно-заготовительные центры (СЗЦ), которые создаются посредством АО «РИР «СПК «Жетісу». Сегодня СЗЦ – хорошее подспорье для сельхозпроизводителей.

Эффективность такого инструмента поддержки отмечает и глава капшагайского СЗЦ «Акозек» Думан Майлиханов. Объединив СельПК «Акозек» и КХ «Майлиханов Д.» в 2017 году предприниматель создал СЗЦ по свекловичному направлению.

Думана Майлиханова знает весь регион. Он возглавляет один из крупных крестьянских хозяйств в Капшагае, руководит местным филиалом Союза фермеров и входит в состав Совета предпринимателей. С сельским хозяйством знаком с детства. В юном возрасте он уже помогал сеять лук и садился за руль трактора. Большой опыт в бизнесе и инновационный подход

предпринимателя позволил создать прибыльный и крупный СЗЦ в Капшагайском регионе.

В 2017 году его первый опыт в сахарной свекле оказался удачным.

«На хозяйстве мы всегда выращивали лук, сою, ячмень и арбуз. После того как увидели плоды государственной поддержки по возрождению сахарной свеклы, мы также решили этим заняться и создали сервисно-заготовительный центр. В 2017 году на 60 гектарах была посеяна свекла. Результат превзошел наши ожидания. Мы собрали почти 520 центнеров с гектара», - рассказал аграрий.

Если два года назад в «Акозек» посевная площадь составляла всего 60 га, то в 2018 году площадь сладкого корня расширилась до 200 га, где было собрано более 4 тысячи тонн продукции. В этом году в СЗЦ «Акозек» сахарная свекла растет на 160 га.

Как известно, в Капшагае летом

очень жарко и ветрено. Несмотря на сложные климатические условия повысить урожайность помогают элитные семена, приобретенные через РИР «СПК «Жетісу».

Так, за 2018-2019 было приобретено 640 посевных единиц семян из Германии и Франции на общую сумму 33,3 млн тенге.

«Особенность европейских семян в высокой степени адаптации к различным агроклиматическим условиям. Кроме того, семена неприхотливы к нашей почвенной среде. Благодаря чему мы получаем хороший урожай. Хотелось бы поблагодарить СПК «Жетісу» за значительную помощь аграриям области», - отметил Думан Майлиханов.

Вместе с тем, минимизировать рабочую силу, оперативно подготовить поле и сократить сроки сбора урожая помогает современная сельскохозяйственная техника.

В рамках финансового лизинга по линии РИР «СПК «Жетісу» СЗЦ



«Акозек» приобрел 14 сельскохозяйственной техники на общую сумму 171,6 млн тенге. В их числе культиватор, опрыскиватель, оборотный плуг, саялка, тракторы, прицеп и другие.

Так имеющийся немецкий трактор DEUTZ FAHR серии Agrotac170 отличается высокой производительностью, надежностью, маневренностью и способен функционировать даже в самых сложных условиях. То есть, все это позволяют трактору проводить весь день в поле, осуществляя сложные операции: от подготовительных до посевных работ, от вспашки до транспортировки.

А вот механическая саялка

MONOSEM MECA V4 специально разработана для посева сахарной свеклы. В высевном аппарате постоянный контроль глубины, превосходная расстановка семян и качественный посев.

Отметим, что в настоящее время при поддержке АО «РИР «СПК «Жетісу» в Алматинской области создано 29 СЗЦ по свекловичному направлению. Для СЗЦ было приобретено свыше 60 тысяч посевных единиц семян и закуплено 603 единиц сельхозтехники на общую сумму 6,5 млрд тенге.

Ш. ХАМИТОВ.

ТҒҒЫР

ҚАЗАҚ ТІЛІ

ҚАШАНҒЫ ҚАЛТАРЫСТА
ҚАЛА БЕРЕДІ?

Қазақ мемлекеті тәуелсіздік алғалы отыз жылға жуықтады. «Орда бұзар» жасқа да аяқ басты. Алайда, Мемлекеттік тіл - халық санасының бір тұтастығы бола тұра, ұлттық қауіпсіздік, мемлекеттің абырой-беделі бола тұра, мылқау баланың күйін кешті. Азия мемлекеттерінің ішінде өз тілін жорегінде тұршықтырған тек қазақ мемлекеті. Бір кезеңде, бір дәуірде тәуелсіздігін жариялап кеңес одағынан бөлініп шыққан көрші Өзбек, Тәжік, Әзербайжан, Түркімен мемлекеттері мемлекеттік тілдерін өркендетіп қана қоймай, жопалаң заманда, экономика шайқаяқтап тұрған кезеңде-ақ, латын әліпбиіне көшіп алған.

облысындағы мемлекеттік тіл курсына 2019 жылдың бірінші жартыжылдығына дейін 17 698 тыңдаушы қабылданған. Мәселен, 2010 жылы қабылданған 1701 тұлғаның 369-ы мемлекеттік қызметші, бюджеттік саладан 1332 болса, оның 405-і қазақ, 1296-ы этнос өкілі. 2011 жылы 1731 адам қабылданса, оның 432-сі мемлекеттік қызметші, 1286 адам бюджеттік сала қызметкері, оның 450-і қазақ, 1281-і этнос өкілі. 2012 жылы 1795 адамның 338-і мемлекеттік қызметші, 1332-і бюджеттік саладан, оның 562-і қазақ, ал 1233-і этнос өкілі, 2013 жылы қабылданған 1655 адамның 458-і мемлекеттік қызметші болса, оның 1066-сы бюджеттік сала қызметкері, 1027-і этнос өкілінен. Ал 2014 жылы 1591 адам қабылданса, оның 40-ы мемлекеттік қызметші, 1065-і бюджеттік саладан болса, оның 696-ы қазақ, 895-і этнос өкілі, 2015 жылы қабылданған 1272 адамның 263-і мемлекеттік қызметші, бюджеттік саладан 948 болса, оның 630-ы қазақ, 642-і этнос өкілі. 2016 жылы, жалпы 1281 адам қабылданса, оның 403-і мемлекеттік қызметші, 784-і бюджеттік сала қызметкері, оның 722-сі қазақ, 559-і этнос өкілі, 2017 жылы қабылданған 1339 адамның 427-і

мемлекеттік қызметші, бюджеттік саладан 830, оның 740-ы қазақ, 599-ы этнос өкілі. 2018 жылы 1347 адам қабылданса, оның 369-ы мемлекеттік қызметкер болып табылады. Ал 811-і бюджеттік саладан, оның 736-сы қазақ, 316-ы этнос өкілі, 2019 жылдың жарты жылдығында 596 адам қабылданса, оның 115-і мемлекеттік қызметкер, 435-і бюджеттік саладан, 280-і қазақ, 316-ы этнос өкілі болып тұр. Он жыл ішінде «Тіл» оқу-әдістемелік орталығына мемлекеттік тілді игеру үшін қаракөздеріміздің санының артқанын осы көрсеткіштің өзі айғақтап тұр. Демек, өз ана тілінен жерігендер ерте ме, кеш пе түбі мемлекеттік тілдің үстемдік құратынын біліп, оқу орталықтарына баруға мәжбүр. Жұмыс орынын мемлекеттік қызметтен іздегендер және бюджеттік саладан нәпақа тауып жүрген қазақтар үшін мемлекет әлі талай қаржы шашуға мүдделі. «Өзіңді-өзің жаттай сыйла, жат жадынан түңілсін» десек, Мемлекеттік тіл - қазақ тілі үстемдік құрмай, тіл тұғырға шықпай, «жетім қозы, тас бауырдың» күйін кешіп жүрері хақ. Бір таңқаларлығы ана тілінің уызына жарымаған қазақтар өзге тілді меңгеруге өте құштар екенін тағы да «Тіл» оқу-әдістемелік

орталығынан алынған цифрларға қарап аңғаруға болады. Мұнда да 2010-2019 жылдың бірінші жартыжылдығына көз сүзсек, 2215 тыңдаушы қабылданған. Солардың ішінде мемлекеттік қызметшілер 80-нен бастап 1 225-ке, бюджеттік сала қызметкерлері 9-дан бастап 825-ке артса, қазақтың саны 89-дан бастап 2082-ге артқан. Керісінше этнос өкілдерінің саны 133 қана. Мемлекеттік тілді дамытуда, жандандыруда миллиондап қаражат бөлінуде десек, өкінішке орай сол мемлекеттік тілдің мүддесін, өсуін-өркендеуін заң қадағалаушы орган прокуратураның өзі қадағалап отырған жоқ. Қандай құзырлы мекеменің жиындарына барсаңыз, есеп-қисаптарының барлығы әрі баяндамалары ресми түрде жасалады. Өсіресе, Ішкі істер, прокуратура, сот саласының жиындарында әрі әкімдіктегі үйлестіру кеңестерінде ауыз-ауыздарына жұқпай ресми тілде сайғандарын көріп, қарның ашады. Сол жиынға қатысып отырғандардың 99 пайызы қазақтар. Осыдан кейін «тілім-тілім» - деп, тек қоғам белсенділері ғана зарлай беру керек пе? Бір айтыста әйдік ақын Балғынбек Имашев: «Піл көтермес жүгінді тіл көтерген»

- деп ана тілдің айбынын асырса, тағы бірде тұғырына қона алмаған қазақ тіліне, діліне, дініне қатысты

Қазақ: «Салтым, салтым» деп аттандайды, Салтым неге саф күйде сақталмайды. Өзгелердің қаңсығын таңсық көріп, Батыстың былығынан сақтанбайды. Қазақ: «Дінім, Дінім» деп аттандайды, Шалдар бірақ мешітке көп бармайды. Хақтың дінін балаға әке үйретпей, Өкеге бала үйретсе батпан қайғы. Қазақ: «Ауыл, ауыл» деп аттандайды, Жастар неге ауылға көп аттанбайды. Туған жерге туыңды қадамасаң, Елге деген сезімің саф болмайды. Сөзі басқа, өзінде маска болса, Ешқашан жалтыр басқа бақ қонбайды. Ниеті, сөзі менен амалы сай, Халықтың құдіретті Хақ қолдайды! - деп толғау айтқан.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Егемен Қазақстан» және «Айқын» газеттеріне берген сұхбатында қазақ тілі мәселесіне қатысты: «Қазақтың тілі - қазақтың жаны! Халқымыздың тарихы да, тағдыры да тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, ділі мен діні де - тілінде. В. Родлов айтқандай, қазақ тілі - ең таза әрі бай тілдің бірі. Тіл өткен тарихпен ғана емес, бүгін мен болашақты байланыстыратын құрал. Меніңше, тілдің тұғыры да, тағдыры да бесіктен, отбасынан басталады», - деген-ді. Демек, ұлттың тілі, мемлекеттік қазақ тілінің босағада қалған құлдың күйін кешпей, толық қолданысқа енуі үшін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев та тілдің мәртебесін көтеру бағытында аянбай тер төгуге тура келеді. Бір қуанарлығы, Президент халыққа жолдауында таза мемлекеттік тілде баяндама жасап, көптің алғысына бөленді. Күні кеше ғана Қытай мемлекетіне барғанында да ресми кездесулердің бөріне таза қазақ тілінде сөйледі деген ақпаратты интернет желісінен оқып, «А Құдай, патшамызды осы үрдісінен жаңылдыра көрме», - деп Алладан тілеу тіледі!

Айтақын МҰХАМАДИ

ОЙТАЛҚЫ

Ақша ақылдың алдына түскелі бері ұяттың ұясы талқандалуда. Неге деменіз?... Әңгіме ауаны тағы сол 21 мың теңгенің жырына ұласады.

Соңғы уақытта ел ішінде жәрдемақы алудың «ставкасы» туралы сөз желдей есіп жүр. Яғни, ақша алу үшін де біреудің қолына бірдеңе қыстырып қана аталған әлеуметтік көмекке іліге аласың. Өткенде ғана көрші апамыз келінінің осы жәрдемақыға құжаттарын өткізіп қойғандығын айтып еді. Енді кеп аталмыш қаржы қолға тию үшін келіні әлдекімдерге 30 мың теңге беру керектігін, өзiрге шамасына қарай 20 мың ғана беріпті деп ашуланып отыр. «Мемлекеттің онсыз да беретін тиесілі ақшасы емес пе, оны неменеңе пара беріп алатынын білмедім. Бұл туралы ойымды айтсам «Апа, қойыңызшы, жұрттың бәрі беріп жатыр» деп жайбарақат отыр. Сонда бұған ақша қыстыра отырып, шаруасының тез біткенін қалайтын менің келінім секілділер кінәлі ме, әлде қалтаға қаражат түспесе қимылдай қоймайтын қызметкерлер ме?» деп кейіген кейуана бұл істе кімді кінәлі етіп көрсетерін білмей дал болуда.

Естіген құлақта жазық жоқ. Аты-жөнін жазбауды өтінген мына бір келіншектің басына түскен жайт тіптен сорақы. Оның айтуынша, жақын бір танысы төлем орталығында жақсы бір танысының барын, оның 21 мың теңгеге ілікпей жатқандарға көмектесе алатынын айтып, «Егер керек болса саған да жасатып беремін. Тек «ставкасын» берсең болды» депті. Сөйтіп, ол өзі ғана емес, жәрдемақыға іліге алмай жүрген жақындарына айтып, сұраған ақшасын беріпті. Алайда, әлгі танысы бәрін де алдап соққан алаяқ болып шығып, екі ортада қалған. Әлгі алаяқтың үстінен арыз жазып, түрмеге жаптырғанымен, таныстарының ақшасын бір өзі қайтаруға тура келіпті. «Өзім ғана емес, өзгелердің ақшасы мойныма жүктеліп, қайтара алмаған



«СТАВКАНЫҢЫЗ»

қанша?

немесе жиырма бір мыңның жыры

соң онлайн несиеге жүгінуге тура келді. Себебі үйде отырған мен секілді әйелге несие берілмейді ғой. Ал онлайн несиеңің пайызы мен ойлағаннан да көп болады екен. Күн санап төлемеген күнге төлемақы өсіп жатыр. Бұл ісімді жолдасым да, енем де білмейді. Олар біліп қойса өлтіреді ғой. Енді не істерімді білмей әбден қиналып кеттім»

деп зар жылаған ананың бұл ісіне тіптен не айтарынды білмейді екенсің?!

Айтпақшы, атаулы әлеуметтік көмекті жағдайы жақсылардың алып жатқаны туралы да ел арасында әңгіме көп. Және мұның да басы сол бір «бірдеңеден» басталатынын қайтерсің. Неше рет барып, атаулы әлеуметтік көмекке құжат тапсыра алмағанын, бірақ,

бұл көмекті байлар да, басқалар да алып жатқанын, шындық жоқ деп шырылдап, бір уақыт кедейлерді ойлап қойса қайтеді деп ашынған көпбалалы ананың сөзіне қарап, мұның арғы жағында да үлкен бір гәп бар тәрізді ме дейсің, іштей... Ал, бұл туралы сіз не ойлайсыз, көзі қарақты оқырман?!

С. ҚАСЫМБЕКҚЫЗЫ.

МӘСЕЛЕ

ҚИРАҒАН ЕСКЕРТКІШ ҚАЛЫПҚА КЕЛТІРІЛДІ

Қызылағаш ауылында орын алған су алапаты біздің өңірді ғана емес, бүкіл елімізді дүр сілкіндіріп, мазасыз күйге енгізген еді. Одан бері аттай зулап тоғыз жыл артта қалды.

Бүгінде Қызылағаш елді мекені ертегідей жаңарып, жасарған. Қаз-қатар тізілген әдемі үйлер мен тақтайдан түзу көше, халыққа мәдени-тұрмыстық қызмет көрсететін мекен, мектеп, балалар бақшасы, тағысын тағы нысандар ауыл ажарын айшықтай түскен. Орталық көше бойында сол қиындықты

тозығы шығуға шақ қалғанын, айналасы қоқысқа толып, тақтайшалары құлап, темірлері тоттанып, айналасындағы ағаштардың құрап, адам мен мал сарып кететін жерге айналғаны туралы ақпарат жазған-тын. Желіде шыққан мәліметке сай облыс әкімінің баспасөз хатшысы Ф. Жүкел аймақ басшысы бұл іске

әкіміне ескерткішті үш күннің ішінде қалпына келтіруге тапсырма беріп, су тасқынынан қаза болғандарға қойылған ескерткіш қалпына келтірілді. Облыс әкімінің баспасөз хатшысы Ф. Жүкелдің сөзінше, күн райына байланысты мемориалдың кейбір тұсындағы жапсырмалар желімнен ажырап кеткен. Қазіргі күні жөндеу жұмысы жүргізіліп, ескерткіш аумағы тазартылған. Алдағы уақытта айналасына көшеттер отырғызылмақ. Ал құрап кеткен тал-теректер сүріліп тасталыпты. Бұл жұмыс қазан немесе қараша айында атқарылмақ екен.

Р.С: Әу баста «Қызылағашта апаттан қаза болған марқұмдарға арнап керемет ескерткіш қойылды. Архитектор бар өнерін салған екен» деп жазып едік. Енді, күре жолдың бойындағы ескерткіштің қараусыз қалғаны туралы жазу, облыс әкімінің тапсырмасымен қайта қалпына келтірілгені жайында паш ету... осындай іске етіміз үйреніп бара жатқандай ма, қалай? Сонда деймін, орнатылған ескерткіштің эстетикалық кейпін бұзбай, бақылау ісі Ақсу ауданының әкімдігіне жүктелген болса, осы күнге дейін әкімдік тарапынан тиісті жұмыстың атқарылмай келуінің мәнісі неде? Бұған қаржыны сылтаурапты десек, аймақ басшысы тапсырма берген үш күн ішінде аудандық бюджеттен 2 миллион теңгені бөлді емес пе? Сонда аудан әкімдігі тозығы шығуға шақ қалған ескерткішті қайта қалпына келтіру үшін аймақ басшысының арнайы тапсырмасын күтіп отырған ба?!

● АКЦИЯ АЯСЫНДА

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ПАРТИЯ ФИЛИАЛЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ БӨЛМЕСІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА «БАЛАНЫ МЕКТЕПКЕ ДАЯРЛАЙЫҚ» АКЦИЯСЫ ӨТТІ.

КӨМЕК КӨРСЕТІЛДІ

Алматы қаласынан «Metal Prom Group» ЖШС-нің басшылығы тарапынан Олжабек Қазкенұлы мен Джалил Абдулхалилұлы есімді азаматтар өз тараптарынан 30 көпбалалы және тұрмысы төмен отбасынан шыққан бүлдіршіндерге мектепке қажет киім, қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған сөмкелер берді.

Арнайы тіктірілген мектеп формалары мен кеңсе тауарлары толы сөмкелердің сапасы жоғары. Көмек берушілердің айтуынша, бұл қайырымдылық көмек алдағы уақытта да партия филиалы арқылы жалғасын таппақ.

Өз кезегінде облыстық филиал төрағасының орынбасары Серік Нұрқадыров демеушілерге ризашылық білдіріп, облыстық филиал атынан арнайы алғыс хат ұсынды.

«Бақытты отбасы» жобасын жүзеге асыруымызға өз қалауымен қол ұшын созып жатқан жомарт жандар аз емес. Біздің өңірдің белсенді азаматтары партиялықтарға осындай қаржылай, материалдық көмек беруге ынталы. Бүгінгі акция да осының дәлелі. Өз ниетімен балаларды қуанып, мектепке баруға санаулы күн қалғанда осындай игі іске мұрындық болып отырған кәсіп иелеріне алғыс айтамыз. Ортақ ісіміз алдағы уақытта да жалғасын табатынына сенімдімін», - дейді Серік Нұрқадыұлы.

Алғысты аналар мен балалар да білдіріп, қуанышты көңілмен тарасты.

Ш. БАТЫРОВ.



еске салатын сәбиін қорғауға ұмтылған ана бейнесі кескінделген ескерткіш-белгі де орнатылған болатын.

Өткен аптада әлеуметтік желіде журналистикада қалам тербеп жүрген әріптестеріміздің бірі құрбандарға арнап қойылған ескерткіштің кетеуі кетіп,

бейжайлық танытпайтынын, керісінше осы мәселені көтергендерге алғысын білдіре отырып, бүлінген ескерткіштің үш күннің ішінде қалпына келтіретіндігі туралы айтып, жазған еді.

Айтқандай-ақ, аймақ басшысы Амандық Баталов Ақсу ауданының

С. БАЗАРҚҰЛОВА.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитеті Алматы облысы Төтенше жағдайлар департаментінің Өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі (Талдықорған қаласы)» мемлекеттік мекемесі пошта индексі 040000, Талдықорған қаласы, Алдабергенов көшесі №86 «А» үй, электрондық пошта srasg_almob@emer.kz, ақпарат үшін телефон (факс) 8 (7282) 24-22-05, кадр саясаты бөлімінің тел. 8 (7282) 24-09-18, азаматтық қорғау органдарының бос қызмет орындарына конкурс жариялайды.

1. C-SGU-13 санаты бойынша Мекеменің кадр саясаты бөлімінің инспекторы лауазымына - 1 бірлік.

Лауазымдық міндеттері: Қызметке қабылдауға рәсімдеу жұмыстарына байланысты, қызметтен босатылу мен жоғарлау бойынша, кадр қызметіндегі құжаттарды жүргізу, жеке құрам бойынша статистикалық және жедел есептерді жасау, кадрдың жинақталуы бойынша талдау жасау жұмыстарын жүзеге асырады.

Конкурсқа қатысушыға қойылатын талаптар: Жасы 35 аспаған. Білімі: техникалық және кәсіптік, орта буын мамандарын даярлауды қамтамасыз ететін орта білімнен кейінгі білім. Қорғаныс министрлігінде әскери-оқу қоры дайындығы бойынша әскери қызмет пен әскери дайындық өткен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мерзімді әскери қызметке шақырудан босатылған немесе кейінге қалдырған азаматтар қабылданады.

2. C-SV-13 санаты бойынша мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің, өрт сөндіру бөлімінің және өрт сөндіру бекетінің өрт сөндіру автокөліктерінің жүргізуші-қызметкері лауазымына – 19 бірлік:

Бөліністерінің атаулары, бос лауазымдардың саны: Қапшағай қаласындағы №5 ӨСБ – 1 бірлік, Қарасай ауданы Қаскелең қаласындағы №9 ӨСБ – 4 бірлік, Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылындағы №7 ӨСБ – 1 бірлік, Райымбек ауданы Нарынқол ауылындағы №30 ӨСБ – 1 бірлік, Іле ауданы Ақши ауылындағы №31 ӨСБ – 3 бірлік, Балқаш ауданы Бақанас ауылындағы №14 ӨСБ – 3 бірлік, Алакөл ауданы Достық бекетіндегі №20 ӨСБ – 2 бірлік, Алакөл ауданы Үшарал қаласындағы №17 ӨСБ – 1 бірлік, Қаратал ауданы Үштөбе қаласындағы №18 ӨСБ – 1 бірлік, Алакөл ауданы Қабанбай ауылындағы №26 ӨСБ – 1 бірлік, Сарқан ауданы Сарқан қаласындағы №22 ӨСБ – 1 бірлік.

Лауазымдық міндеттері: Өрт орнына өрт сөндіру автомобилімен жеке құрамды жеткізу. Бекітілген техниканың сондай-ақ оларға орнатылған механизмдердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету. Бөлім қарамағындағы өрт сөндіру автомобильдерінің барлық түрлерін әртүрлі жол және метеорологиялық жағдайларда басқара білу. Өрт сөндіру автомобильдеріне техникалық қызмет көрсетіп, жөндеу жұмыстарын жүргізе білуге міндетті.

Конкурсқа қатысушыға қойылатын талаптар: Конкурсқа қатысушының жасы 35 жастан аспауы шарт. Білімі орта. В,С және одан да басқа санатты жүргізуші куәлігі бар. Жүк автокөліктерінде 3 жылғы тәжірибесі болу керек. Қорғаныс министрлігінде әскери-оқу қоры дайындығы бойынша әскери қызмет пен әскери дайындық өткен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мерзімді әскери қызметке шақырудан босатылған немесе кейінге қалдырған азаматтар қабылданады.

3. C-SV-13 санаты бойынша өрт сөндіру бөлімінің өрт сөндіруші радиотелефонисті лауазымына – 3 бірлік:

Бөліністерінің атаулары, бос лауазымдардың саны: Қарасай ауданы Қаскелең қаласындағы №9 ӨСБ – 1 бірлік, Еңбекшіқазақ ауданы Есік қаласындағы №6 ӨСБ – 2 бірлік.

Лауазымдық міндеттері: Қарауылдық қызметке қатысу, өрт және басқа да төтенше жағдайлар жөнінде хабарламаларды қабылдау және өңдеу.

Конкурсқа қатысушыға қойылатын талаптар: Конкурсқа қатысушының жасы 35 жастан аспауы шарт. Білімі орта. Ер азаматтар үшін Қорғаныс министрлігінде әскери-оқу қоры дайындығы бойынша әскери қызмет пен әскери дайындық өткен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мерзімді әскери қызметке шақырудан босатылған немесе кейінге қалдырған азаматтар қабылданады.

Жалпы: 23 бос лауазым қатардағы және кіші басшы құрам.

Конкурстық комиссия жұмысының ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушылар шақырылады.

Конкурстық комиссияның отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихаттардың депутаттары, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алды.

Байқаушы ретінде конкурстық комиссияның отырысына қатысу үшін адамдар әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей кадр қызметіне тіркеледі. Тіркелеу үшін адам кадр қызметіне жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін ұсынады.

Конкурсқа қатысушылардың құжаттары қабылдау хабарландыру жарияланғаннан сәттен бастап он жұмыс күні ішінде Талдықорған қаласы, Алдабергенов көшесі №86 «А», мекен-жайында («Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитеті Алматы облысы Төтенше жағдайлар департаментінің Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі» мемлекеттік мекемесі кадр жұмысы бөлімі) жергілікті сағатпен 09.00-ден бастап 18.00 дейін, демалыс күндері (сенбі, жексенбі) және Қазақстан Республикасының мерекелік күндерінен басқа күндері қабылданады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Государственное учреждение «Служба пожаротушения и аварийно-спасательных работ Департамента по чрезвычайным ситуациям Алматинской области (город Талдықорған) Комитета по чрезвычайным ситуациям Министерства внутренних дел Республики Казахстан» почтовый индекс 040000 г. Талдықорған ул. Алдабергенова, 86 А, электронная почта srasg_almob@emer.kz, телефон (факс) для справок 8 (7282) 24-22-05, отдел кадровой политики тел. 8 (7282) 24-09-18, объявляет конкурс на занятие вакантных должностей органов гражданской защиты Республики Казахстан.

1. Инспектор отдела кадровой политики Учреждения категория C-SGU-13 – 1 единица.

Должностные инструкции: Осуществление работ связанных с оформлением приема на службу, продвижением и увольнением со службы, ведение документации по кадровой работе, подготовка статистических и оперативных отчетов по личному составу, учет и анализ укомплектованности и текучести кадров.

Основные требования к участнику конкурса в соответствии с квалификационными требованиями: Гражданин не старше 35 лет. Образование техническое и профессиональное, послесреднее образование, обеспечивающее подготовку специалистов среднего звена. Прошедшие воинскую службу или военную подготовку в специализированных организациях МО по подготовке военно-обученного резерва, а также граждане, освобожденные или имеющие отсрочку от призыва на срочную военную службу в соответствии с законодательством РК.

2. Водитель-сотрудник пожарных автомобилей специализированной пожарной части, пожарной части и пожарного поста – 19 единиц, категория C-SV-13.

Наименование подразделений, количество вакантов: ПЧ №5 города Капшагай – 1 ед., ПЧ №9 города Каскелең Карасайского района – 4 ед., ПЧ №7 села Узынағаш Жамбылского района – 1 ед., ПП №30 села Нарынқол Райымбекского района – 1 ед., ПП №31 села Ақши Илийского района – 3 ед., ПЧ №14 села Баканас Балхашского района – 3 ед., ПЧ №20 станции Достық Алакольского района – 2 ед., ПЧ №17 города Ушарал Алакольского района – 1 ед., ПЧ №18 города Уштобе Каратальского района – 1 ед., ПП №26 села Кабанбай Алакольского района – 1 ед., ПЧ №22 города Сарқан Сарқанского района – 1 ед.

Должностные инструкции: Доставка личного состава на пожарном автомобиле к месту пожара. Обеспечение бесперебойной работы закрепленной за ним техники, а также установленных на ней механизмов. Умение управлять в различных дорожных и метеорологических условиях пожарными автомобилями всех видов, имеющимися на вооружении части. Выполнять техническое обслуживание и ремонт пожарных автомобилей.

Основные требования к участнику конкурса в соответствии с квалификационными требованиями: Возраст не старше 35 лет. Образование среднее, имеющие водительское удостоверение с категориями В,С и более, стаж работы на грузовых автомобилях не менее 3-х лет. Прошедшие воинскую службу или военную подготовку в специализированных организациях МО по подготовке военно-обученного резерва, а также граждане, освобожденные или имеющие отсрочку от призыва на срочную военную службу в соответствии с законодательством РК.

3. Пожарный-радиотелефонист пожарной части - 3 единицы, категория C-SV-13.

ПЧ №6 города Есік Еңбекшіқазақского района – 2 ед., ПЧ №9 города Каскелең Карасайского района – 1 ед.

Должностные инструкции: Несение караульной службы, прием и обработка сообщений о пожарах и иных чрезвычайных ситуациях.

Основные требования к участнику конкурса в соответствии с квалификационными требованиями: Возраст не старше 35 лет. Образование среднее. Для мужчин прошедшие воинскую службу или военную подготовку в специализированных организациях МО по подготовке военно-обученного резерва, а также граждане, освобожденные или имеющие отсрочку от призыва на срочную военную службу в соответствии с законодательством РК.

ИТОГО: 23 вакантных должностей рядового и младшего начальствующего состава.

Для обеспечения прозрачности и объективности работы конкурсной комиссии на ее заседание приглашаются наблюдатели.

В качестве наблюдателей на заседании конкурсной комиссии могут присутствовать депутаты Парламента Республики Казахстан и маслихатов всех уровней, аккредитованные представители средств массовой информации, других государственных органов, общественных объединений (неправительственных организаций), коммерческих организаций и политических партий, сотрудники уполномоченного органа по делам государственной службы.

Для присутствия на заседании конкурсной комиссии в качестве наблюдателя лицо регистрируется в кадровой службе не позднее одного рабочего дня до начала проведения собеседования. Для регистрации лицо предоставляет в кадровую службу копию документа, удостоверяющего личность.

Прием документов участников конкурса осуществляется в течение десяти рабочих дней с момента публикации объявления о проведении конкурса по адресу: город Талдықорған ул. Алдабергенова, 86 А, (отдел кадровой работы государственного учреждения «Служба пожаротушения и аварийно-спасательных работ Департамента по чрезвычайным ситуациям Алматинской области (город Талдықорған) Комитета по чрезвычайным ситуациям Министерства внутренних дел Республики Казахстан») с 09.00 часов до 18.00 часов местного времени, выходные дни (нерабочие дни) суббота, воскресенье и праздничные дни Республики Казахстан.

КӘКІМЖАН ҚАЗЫБАЕВ – 90



жоқпыз ба? Бірақ біз елге жауыққан ақтар емес едік қой. Осы қалың бұқараға бақыт әкелеміз деп күреске шықтық емес пе? Шер астан, киер киімнен айырсақ ол бақытты қалай әкелеміз? Тегім шаруа болғандықтан ба, осындай ойлар шырмап жібермейді. Партияның жолы, өлкілік комитеттің нұсқауы деген соң орындамасақ шара жоқ. Әйтеуір жоғарыдан айтқанды бас шұлғып жасап жатырмыз. Былай тартсаң, өгіз өледі, былай тартсаң, арба сынадының кер Дүниенің қиыны тегі шөре-шөреде ғой. Өз арына қарсы жұмыс істеуден артық азап бар ма? – деп тебіренеді Федор Афанасьевич.

Ашаршылықтың себебі романда атап көрсетілгендей, жоғарыдағылардың төмендегілерге немқұрайды қарауынан, атқамінерлердің әпербақандығынан және өзін білем дегенінен. Оқырман «Сұрапылды» оқи отырып, осындай түйінге келеді. Түптің түбінде шындықты жасыра алмағандар жазаға ілінеді, республикадағы асыра сілтеуге қарсылығын танытқан Жүсіп отбасымен, аудан басшысы да, елі аузына қараған білікті азаматтар Нарғазы мен оның жиені Ақылжан да «халық жауы» деген жаманатты жапсырып, 37-нің құрбандығына айналады.

Романда сұрапыл заманның сұмдығы Дәмелінің көзқарасымен былай суреттеледі:

Сұрапыл кезеңнің сұрғылт суреті

Қаламгер – қайраткер Кәкімжан Қазыбаевтың соңында соқталы туындылары қалды. Жауапты да лауазымды қызметтер айтқара жүріп қағаз бен қалам алдындағы адалдығынан танбаған жазушының ой-толғанысынан туған екі роман, бірнеше повесті, әңгімелер автордың қазақ қаламгерлері арасындағы айшықты орнын айқындап берді.

бірге ысырып, аттай алты жыл жатқызды. Ақыры оны автордың асыл досы, ары да, жаны да абзал азамат Хайдекең, Хайдолла Тілемісов бар ауыртпалықты өз мойнына алып «Қайнар» баспасынан шығарып берді. Сөйтіп, әдебиеттегі соны тақырыпқа соқпақ салған сирек шығарма оқырманна бері қойғанда бес жыл кештетіп жетіп отыр». («Азамат еді еңселі» 70-бет).

Қаламдас досы осылайша өкінішін ішке бүкпей сыр ақтарады. Бағамдап қарасаңыз жазушы қаламынан оңай-оспақта туа қоймаған туындыны тежеу, дер кезінде шығармау оқырманға обал әрі автордың жүрегіне жүк салуы да әбден мүмкін-ау.

Өмір материалын қамтудағы тынысы кең, тәрбиелік-эстетикалық маңызы зор, көтерген жүгі салмақты романда қазақтың басына түскен қым-қуыт тауқымет бір әулеттің тағдыры арқылы өрнектелетінін жоғарыда айттық. «Мынау ұйқы-түйкі дүние не боп кетті? Дәмелінің есіне бәрі түсіп жатыр», – деп басталады романның алғашқы «Үркіншілік» тарауы. Осы тарауда оқырмандар Қышқаштағы Қармыс ауылындағы Тұрғанбектің үш арысы – Нарғазы, Жанғазы, Ергазы және олардың әпкелері Дәмелінің, оның әмеңгерлік жолмен үйленген момын күйеуі Малыбайдың жан дүниесімен жете танысады да өз даралығымен бой көрсететін негізгі кейіпкерлердің айналасындағы тартысты оқиғалар арқылы сол дәуірдің ащы -тұщы дәмін сезініп, кескін-келбетін жазушы шеберлігі нәтижесінде көңіл көзімен көруге мүмкіндік алады.

Ақтардың озбырлығын бір адамдай көріп, қызылдарға көмектесіп, Черкеш қорғанысына қатысқан Дәмелі мен Малыбайдың ұлы, сонау үркіншілік жылдары құдай сақтап ақтың

қылышынан аман қалған Ақылжан романның өн-бойында өсіп-жетіліп, елдің қамын ойлайтын Едігеге айналады.

Өткенғасырдыңотызыншыжылдарындағы асыра сілтеу, байлардан тартып алынған малдың кедейлердің игілігіне пайдаланылмай ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетуі, шопақ белсенділердің жоғарыдан берілген пәрменді теріс түсініп, киіз үйлерді талқандап, өртеп, тұрғындарды зорлықпен жөртөле қазуға желкелеуі, бәрі де қайран қазақты опат қылмай қоймады. «Байдың ниеті теріс болғанмен малға деген ықыласын, шаруаға деген қырын пайдалану керек қой... Мынау кең дүниенің көркі болған, онсыз өмірі тұл қазақ үшін малға келген опат өзіне келген опат емей мемене? Төрт емшекке қарап өскен халықтың бұлағы құрғап, тіршілік тынысы шынымен тарылғаны ма? Малсыз не өмір, не тірлік?» - деген Нарғазының толғанысы автордың позициясын көрсетіп тұр.

Берлі аудандық партия комитетін басқарған Федор Белозеревтің көз алдында Берлі, Сарқан аудандарында басқа пана болатын үй, киетін киім, ішетін ас, бір сөзбен айтқанда бүкіл өмір арқауы – мал жұтап, ел ашаршылыққа ұрынды. «Өзі оқыған Ленин еңбектеріндегі кооперацияның идеясы басқа еді. Еркімен, тек қана еркімен. Ортақтасуға өмірдің өзі, коллективтік шаруашылықтың артықшылығы әкелсін. Жаңылмаса, оның мәні тап осындай еді ғой. Ал біз болсақ, «бірік те бірік, тездет те тездетке» бастық. Қайда асығатынымызды өзіміз де білмейміз, масқаралыққа ма, әлде бақыттылыққа ма? Енді міне, сол жиып алған малды бір қыста аман алып қалудың өзі күшке түсіп тұр. Кешегі шаруаның егінін әдейі таптап кеткен ақтардың қасқайлығын өзге өрнекпен қайталап тұрған

«Екі адамның басы қосылмай, бір-бірінен үркіп тұратын күн туды ғой. Бірін-біріне аңдытып қойған ба? Өнеукүні ауыл арасынан бір әңгіме құлағына жеткен. Көрші колхозда бір топ еркек бас қосып арақ ішеді. Үй иесі құйрық болған соң, қонақтарына алып қойындар дегеннің орнына «ал кеттік» дейді. Соның ішіндегі біреуі ертесіне «пәленше, пәленшелер Қытайға кетейін деп жатыр» деп көрсетіпті. Сол күні кеште болғандардың бәрін қамауға алыпты.

Өз ауылындағы аусар Жаурын да біраз әуреге түскен жоқ па? Жиналыста сөйлеп несі бар десеңші.

– Колхоздың жұмысынан қатынымыз босамайтын болды. Бала-шаға жайына қалды. Өйте берсеңдер Совет өкіметі бір жола өзіне қатын қылып алсын да.

«Сен Совет өкіметін келемеждедің, түбің шикі» деп жеті атасынан бері қарай тексеріп, әбден есін тандырыпты. Мүлде сасқан Жаурын «Айналайын, пәледен аулақ, бердім мүлде қатынымды» деп, тіпті асқындырып алыпты. Сол «пәледен аулақ» дегені өзіне пәле боп жабысып, қазір түрмеде отыр. Ал Жаурын сорлыны да көрсеткен біреу бар ғой. Мынау жағдай адамның мінез-құлқын өзгертіп жіберді ме, қалай? Қызғаншақтар, іші тарлар енді жаламен-ақ күн көретін болды ғой, көре алмағандарын көрге тығып отырады десеңші. Өш алудың ең оңтайлы жолы табылғаны-ай. Ақты қара деу түкке тұрмай қалды. Әрине, бұған арлылар бармайды, арысздар ғана барады. Сонда арысздардың ту көтеріп, шабуылға шыққаны ма? Қанша сақтансаң да, ол бір жерден қапысын тауып, қақпанын құрады десеңші. Обал-ау деген олардың ойына келеді дейсің бе? Бақайшағына тұрмайтын сондай біреу Нарғазысының түбіне жетті-ау, жетті-ау. Шынымен өзен теріс аққан екен!.

Романның соңында «Кебін кимей, кебенек киіп» итжеккенге айдалып кеткен Нарғазы нағашысы мен Ақылжанды іздеп енесімен бірге Қайша Сібірді бағытқа алып поезға отырады. «Поезд жүйткіп бара жатты. Беталысы шығыс, күншығыс жақ. Аяулысын сағынып, арманын қуған Жардың, бауыры мен баласы үшін ешнәрседен тайынбас Ааның қиялдары осынау жүйтікпен поездан да жүйрік көрінді» деп аяқталады роман. Сіз де ардақтыларына асыққан ене мен келіннің арманы орындаларына сенесіз.

Жомарт ИГІМАН,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.



ПРИМЕНЯЮТСЯ ЭФФЕКТИВНЫЕ ПРАВОВЫЕ МЕРЫ

Республика Казахстан основываясь на нормах международного права, выразила намерение выработать и применять эффективные правовые меры, направленные на предупреждение коррупции и борьбу с ней. Нормы предопределены проблемами и угрозами, порождаемыми коррупцией, негативным влиянием коррупции на функционирование всех общественных и правовых институтов и отношений. Они направлены на обеспечение устойчивого развития государства, его политической, экономической и социальной систем, интересов национальной безопасности.

Таким образом, требуется присоединиться к Конвенциям и другим международным договорам в данной отрасли для дальнейшей безотлагательной и последовательной корректировки всего казахстанского законодательства. Квалификация всех форм коррупции в качестве уголовных преступлений в соответствии с международными стандартами благоприятно отразится на оценке международного сообщества действий Казахстана по противодействию коррупции.

Необходимо разработать и утвердить Единый национальный реестр разрешительных документов, предусматривающий исчерпывающий перечень всех разрешительных документов (процедур), действующих на территории Республики Казахстан. Данная мера позволит улучшить эффективность противодействия проявления коррупции в сфере регулирования предпринимательской деятельности.

Изучение антикоррупционной политики стран с наиболее низким уровнем коррупции показывает, что базовыми основами проводимых ими мер являются прозрачность деятельности государственных органов и неотвратимость наказания, организованный контроль со стороны гражданского общества за работой государственных органов, высокая заработная плата государственных служащих, эффективная профилактическая и упреждающая работа.

В нашей республике всеми государственными органами принимаются ведомственные Программы и планы по борьбе с коррупцией, в которых заложены различные антикоррупционные мероприятия.

В частности, налоговыми органами утверждены Стратегия борьбы с коррупцией в органах налоговой службы Республики Казахстан, Перечень коррупционных сфер в налоговых отношениях и мер по устранению в них коррупционных проявлений, Кодекс профессиональной этики работника органов налоговой службы, Хартия налогоплательщика. Положительную роль в противодействии коррупции оказывает введение Программы «электронное правительство» позволяющее создавать полноценную «обратную» связь государства с населением посредством Интернет-ресурсов.

Олжас АСАНОВ,
старший судебный пристав
специализированного следственного
суда города Талдыкорган.

ПОРЯДОК РАЗРЕШЕНИЯ ТРУДОВЫХ СПОРОВ

Трудовое правоотношение - это возникающее на основе трудового договора юридическое отношение по поводу участия гражданина в труде в качестве работника и производные от него, тесно с ним связанные правоотношения. Трудовые правоотношения это комплекс различных прав и обязанностей, возникающих между работником и работодателем в процессе трудовой деятельности в составе трудовых коллективов. В трудовом правоотношении реализуется право гражданина на труд, на отдых, на оплату труда. Основные трудовые правоотношения складываются непосредственно в процессе применения труда работников (отношения по организации труда (трудоустройство, прием, перевод, увольнение); по регулированию рабочего времени и времени отдыха; по заработной плате; по охране труда; по дисциплине труда.)

Под трудовым спором понимаются разногласия между работником и работодателем по поводу применения законодательства о труде, о выполнении условий индивидуального трудового, коллективного договоров, неурегулированных ранее между работником и работодателем. Источники возникновения трудовых споров различны. Поэтому трудовые споры можно классифицировать по различным основаниям: по субъектному составу, по характеру спора, по подведомственности их рассмотрения. По субъектному составу трудовые споры принято делить на индивидуальные и коллективные.

Индивидуальные трудовые споры возникают по инициативе отдельных работников, выдвигающих требование к работодателю о признании или восстановлении их нарушенных трудовых прав. Данная категория споров возникает по поводу применения норм трудового законодательства, коллективного договора и соглашения о труде.

Коллективные трудовые споры возникают между трудовыми коллективами и работодателями по вопросам применения действующего законодательства о труде, заключения и исполнения условий коллективных договоров и соглашений в части установления новых или изменения существующих социально-экономических условий труда и быта работников.

Трудовые споры по своему характеру могут быть исковыми и неисковыми. Трудовые споры искового характера связаны с разрешением разногласий по поводу применения законодательства о труде, коллективных договоров и других соглашений о труде. По поводу предмета спора работник предъявляет иск о признании или восстановлении его нарушенного права. К неисковым относятся трудовые споры по поводу изменения действующих либо установления новых условий труда. Трудовые споры искового характера являются в основном индивидуальными. Это объясняется тем, что трудовые права работника являются персональными, в связи с чем их защита осуществляется в индивидуальном порядке.

Трудовые споры неискового характера могут быть индивидуальными и коллективными. Согласно действующему законодательству споры, возникающие между работниками, с одной стороны, и работодателем, с другой, по поводу установления новых или изменения существующих условий труда, неурегулированных законодательством или иными нормативными положениями о труде, разрешаются работодателем и соответствующим уполномоченным органом работников.

Коллективные трудовые споры имеют неисковый характер и рассматриваются в особом порядке, в частности, трехсторонними комиссиями по регулированию социально-трудовых отношений. Трудовые споры по соглашению сторон могут рассматриваться согласительной комиссией.

Рассмотрение индивидуальных трудовых споров основывается на общих положениях разбирательства споров, сложившихся в гражданско-процессуальной практике: доступность обращения работника, трудовые права которого нарушены, в органы по рассмотрению трудовых споров. При этом работники при обращении в органы по рассмотрению трудовых споров освобождаются от уплаты расходов по трудовым делам.

Гульжан БЕРИКБОЛОВА,
главный специалист-секретарь судебного
заседания Текелийского городского суда.

ОСВОИЛ НОВУЮ ПРОФЕССИЮ

Житель города Текели Нурдулла Абдуллаевич Бохишов в 2001 году закончил школу (11 классов) в ауле Алдабергенова (Шубар) Ескельдинского района Алматинской области. После окончания школы никуда не поступил, так как не было такой возможности. Но Нурдулла Абдуллаевич всегда мечтал освоить профессию парикмахера и работать на себя.

Из объявления узнал, что Центр занятости ведет набор на краткосрочные курсы по желаемой профессии и обратился в Центр в городе Текели. Там ему разъяснили условия участия в Программе и предложили несколько профессий которым можно обучиться, мужчина сразу же выбрал для себя профессию парикмахера и в апреле текущего года Центром занятости был направлен на трехмесячные курсы в учебный центр города Талдыкорган ИП «Гламур». Там Нурдулла освоил выбранную специальность и был отмечен как один из лучших и ответственных учеников. После окончания обучения мужчина зарегистрировался как индивидуальный предприниматель «Ахмет» и стал работать в салоне красоты «VIP», арендуя рабочее место.

Нурдулла Абдуллаевич очень рад и благодарен, что существует такая Программа, благодаря которой можно бесплатно обучиться и реализовать свою давно возникшую идею.

Ш. БАТЫРОВ.



УДОБНЫЙ СЕРВИС ДЛЯ ГРАЖДАН

Внедрение и применение современных технологий в судебной системе упрощает судопроизводство, снимает бюрократические барьеры, минимизирует контакт сотрудников судебной системы с гражданами, что способствует снижению подверженности к коррупции, экономит время и средства граждан, позволит достичь максимальной прозрачности и доступности судебной системы для населения страны.

Сегодня с помощью ЭЦП граждане направляют обращения в виртуальные приемные государственных органов, получают справки, меняют прописку, подают заявки на получение различного рода услуг и разрешений.

Электронные сервисы «Судебный кабинет» и «Ознакомление с судебными документами» доступны через официальный сайт Верховного суда <http://www.sud.kz>. Получить данные услуги может любой гражданин республики, имеющий электронную цифровую подпись. Физические лица и их представители, представители юридических лиц вправе представлять в суд электронные документы, посредством заполнения электронных форм, размещенных в электронном информационном сервисе «Судебный кабинет». Для этого указанным лицам необходимо зарегистрироваться в электронном информационном сервисе «Судебный кабинет».

Судебный кабинет, является пользователем сервиса подачи электронных документов. Авторизация в «Судебный кабинет» осуществляется с помощью ИИН или БИН и пароля. При подаче заявления (обращения) представителем юридического лица авторизация осуществляется посредством БИН. Пользователь сервиса подачи электронных документов после прохождения процедуры авторизации «Судебный кабинет» может обратиться в суд с: 1) исковым заявлением; 2) заявлением о предоставлении протокола судебного заседания; 3) замечанием на протокол судебного заседания; 4) обращением.

Гражданин, его представитель или адвокат в любое удобное ему время, не выходя из дома, офиса через сеть интернет может просмотреть судебный документ, а также статус по делу и распечатать судебный акт.

Айнур ОРМАШЕВА,
главный специалист Талдыкорганского
городского суда.

ПРОЯВЛЕНИЕ НЕУВАЖЕНИЯ К СУДУ

Согласно статьи 653 части КоАП Республики Казахстан неуважение к суду, выразившееся в неявке в суд без уважительных причин участников процесса и иных лиц по повестке, извещению, уведомлению или вызову в случаях, когда дальнейшее рассмотрение дела в их отсутствие представляется суду невозможным, неподчинении распоряжения председательствующего в судебном заседании, нарушении установленных в суде правил, а также иные действия (бездействие), явно свидетельствующие о неуважении к суду и (или) судье, - влекут предупреждение либо штраф в размере двадцати месячных расчетных показателей либо административный арест на срок до пяти суток. А действия (бездействие), предусмотренные частью первой настоящей статьи, совершенные повторно в течение года после наложения административного взыскания, - влекут штраф в размере тридцати месячных расчетных показателей либо административный арест на срок до десяти суток.

Также в соответствии статьи 654 КоАП Республики Казахстан предусмотрено ответственность участников производства по делу об административном правонарушении при отказе или неявке участника производства в орган (к должностному лицу), рассматривающий дело об административном правонарушении, без уважительной причины, обусловившие отложение разбирательства по делу, - влекут штраф в размере десяти месячных расчетных показателей.

В соответствии со ст. 120 ГПК регламен-

тирован порядок привлечения к ответственности за проявление неуважения к суду. Так, при установлении факта проявления неуважения к суду в судебном заседании судьей (составом суда) ведущим процесс непосредственно в судебном заседании, где это нарушение было установлено, объявляется правонарушителю немедленно в судебном заседании без удаления суда в совещательную комнату. Данный факт фиксируется в протоколе судебного заседания.

В случае, если неуважение к суду проявлено в судебном заседании и нарушитель покинул зал судебного заседания, при проявлении неуважения к суду вне судебного заседания, а также если установлено уклонение от явки в судебное заседание, протокол составляется в силу подпункта 57) части первой статьи 804 КоАП РК судебным приставом и другими сотрудниками судов, уполномоченные председателем суда или председательствующим в заседании суда. Протокол о правонарушении с необходимыми материалами направляется для рассмотрения в суд в соответствии с подсудностью.

Также согласно ч.1 ст. 805 КоАП РК при обнаружении факта неуважения к суду по ст. 653 КоАП РК, дело может быть возбуждено прокурором путем вынесения постановления.

Ернур КУРМАНГАЛИ,
ведущий специалист Талдыкорганского
городского суда.

ПРЕДСТАВИЛИ 330 ТОНН ПРОДУКЦИИ



По сообщению пресс-службы «СПК «Жетісу», 7-8 сентября в городе Нур-Султан состоялась сельскохозяйственная ярмарка аграриев Алматинской области. Традиционная осенняя ярмарка прошла на площади перед ТРЦ «Хан Шатыр».

На ярмарке жители и гости столицы смогли приобрести по ценам ниже рыночных мясо, колбасные изделия и мясные полуфабрикаты, молочную, овощную продукцию, фрукты, хлебобулочные и кондитерские изделия и прочую продукцию. Всего предприниматели Алматинской области завезли 48 наименований продукции в объеме 330 тонн.

АО «РИР «СПК «Жетісу» также приняла участие в сельскохозяйственной ярмарке.

«СПК «Жетісу» представила продукцию предпринимателей Жетісу в объеме 17 тонн на общую сумму 3 млн тенге. На ярмарке был реализован сахар-песок, рис, мука, картофель и лук.

Горожанка Татьяна Сташишина не первый раз посещает ярмарки из регионов. Она рассказывает, что обычно в таких местах всегда свежая и качественная продукция.

«Особенно радует разнообразие мяса. А вот сегодня купила и побольше овощей. Буду делать заготовки. Мы благодарны за организацию ярмарки. Это очень выгодно, удобно, рядом с домом и такой большой выбор», - рассказала женщина.

Ш. ХАМИТОВ.

ФЕСТИВАЛЬ

САЛАУАТТЫ ӨМІР
САЛТЫНА ҮНДЕЙДІ

«ҚАРАТАЛ» ӨЗЕНІ БОЙЫНДАҒЫ АЛЛЕЯДА
«ДЕНСАУЛЫҚ ФЕСТИВАЛІ» АТТЫ СПОРТТЫҚ
ШАРАСЫ ӨТТІ.

Талдықорған қаласы әкімдігі, облыстық денсаулық сақтау басқармасы, Алматы облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары орталығының мұрындық болуымен өткен шараға денсаулық сақтау мекемелерімен қоса, мектеп оқушылары мен колледж білімгерлері атсалысты.

Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Н. Теңізбаев, облыстық денсаулық сақтау басқармасының бөлім басшысы Г.Жүнісова, облыстық тауарлар мен көрсетілген қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті басшысының орынбасары А. Чарапиев қатысушыларға сәттілік тіледі.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, шараның басты мақсаты – белсенді және салауатты өмір салтын ұстануды насихаттау арқылы халық денсаулығын сақтау мен

нығайту. Ал жалпы адамзаттың ең басты құндылығы – денсаулық. Текдені сау адамның өмірі шаттыққа, бақытқа толады. Спорт денсаулықты нығайтып қана қоймай, мінезді түзеп, ерік-жігерді шынықтырып, қиындықты жеңуге көмектесері сөзсіз. «Біз — спортты таңдаймыз» деген қатысушылар тобы арнайы спорттық киім киіп, ерекше көңіл-күймен қатысты.

Шара барысында Талдықорған қаласындағы олимпиадалық резервтегі облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі тәрбиеленушілері флешмобты ұсынды. Көпшілік жүгіруді бастамас бұрын «Денсаулық бізбен басталады» атты би сайыс өткізілді. Тамаша би өнерінен №4 білім ошағы алғашық, №2 мен №1 орта мектептер жүлделі орындарды өзара бөлісіп, ақшалай сыйды иеленді.

Бір шақырымдық көпшілік



жүгіруден әйелдер арасында қалалық емхананың медбикесі А.Нұрташева бірінші боп мәре сызығынан өтсе, одан кейін Ә.Әбдіқадырова, Ғ.Жексембаева жүлделі орын-

дардан көрінді.

Ерлер арасында Қ. Дүйсенов, И. Макеев, М.Үйсен жеңімпаз атанды. Тағы бір айтарлығы ең жас марафон қатысушылары да марапатқа

ие болды. Ұйымдастырушылар тарапынан жеңімпаздарға арнайы сыйлық пен мадақтама табысталды.

Данагүл МӘКЕН

КАРАТЭ

ЖАПОНИЯДА ТҮОП ЖАРДЫ

Алматыда тұратын Кемел жазғы демалысын жыл сайын ауылда өткізеді. Ата-әжесінің қасында болып, олардың кішкентай көмекшісіне айналады. Көктөбе ауылы ол үшін нағыз жерұйық.



Айтса айтқандай-ақ, бұл жердің тұмса табиғаты көздің жауын алады. Таудың етегінде орналасқан елдімекеннің айналасы жасыл желекпен көмкерілген. Саф ауасы жаныңды жадыратады. Сылдырап аққан бұлақтың суы бал татиды. Ал ата-әжесі тұратын үйдің ауласындағы жайқалған алма бақтың көрінісі тіптен пәлек. Қып-қызыл болып біскен аспорттардың жұпар иісі танауыңды жарады. Бәрі де табиғатпен үндесіп тұр. Осындай сұлулық оның жандүниесін байытып, керемет сезімге бөлейтін. Тіпті, үш айдың қалай

тез өте шықанын аңғармай қалушы еді.

Бірақ Кемел биылғы жазғы демалысын қалада өткізуге тура келді. Оның да өзіндік себебі болды. Өйткені, ол ала жаздай тынымсыз жаттықты. Ақыры төккен тер босқа кетпеді. Жуырда Жапонияның астанасы Токио қаласында Каратэ до Шотокан бойынша өткен әлем чемпионында топ жарып, қола жүлдегер атанды. Ел абыройын асқататын, Көк туымызды биікке көтерді.

Мұндай ақжолтай хабар туған-туысқандарын шатшадыман күйге бөледі. Ата-

әжесін сағынғаны соншалық, Кемел елге орала салысымен бірден өзінің Көктөбесіне қарай асыққан. Біз де он екі жасар чемпионды құттықтай барғанда оны ауылдағы үйінен жолықтырдық.

Алғашқы әңгіменің тиегін Науат әжесі ағытты. Ол кісі аңқылдаған жан екен. Жүзі қуаныштан бал-бұл жайнайды.

— Кемелім бес жасына дейін менің қолымда өсті. Кішкентай кезінен-ақ спортқа әуес болды. Бау-бақшаға барып өзінше жаттығулар жасап жататын. Алғашында оған соншалықты мән бермегенім рас. Ойын балаларының әдеті ғой дейтінмін. Бірақ келе-келе немеремнің спортқа деген сүйіспеншілігін анық байқадым. Оның шынығып шымыр болуына енді өзім де бір кісідей атсалыса бастадым. Тіпті, жаттығуларын қадағалап, оған үлкен мән беретін жағдайға да жеттім. Сөйтіп, оның алғашқы бапкері өзім болдым, — деп күліп жатыр Науат апа.

Мектеп жасына жеткенде Кемелді ата-анасы қалаға алып кетеді. Мұнда спортқа деген ынтызарлығын әкесі Ерболат одан сайын оята түсті. Экшн фильмдерді кеуекі де жата-жастана, қызығып көретін. Кинодағы кейіпкерлердің жекпе-жектегі өнерлеріне Кемел ерекше тәнті болды. Солардың қимыл-қозғалыстарын айнытпай келтіретін. Баласының

бойындағы дарынын әкесі де аңғарды.

— Бір күні ұлым қасыма келіп: «Әке, мені каратэге беріңізші. Спортшы болғым келеді», — деді. Өрине, оның таудай талабына қалай қарсы шығайын?! Онсыз да табиғи дарынына іштей тәнті болып жүргенмін. Сөйтіп екеуміз қаладағы спорт секцияларын аралауға кірістік. Каратэ дегеннің өзі бірнеше түрге бөлінеді екен. Сұрастыра келе осы Шотокан қолайлымызға жақты. Өйткені, дәл осы түрі Олимпиадалық бағдарламаға кіреді екен. Содан бері осы спортпен шұғылданып келеді. Осы күнге дейін жеткен жетістіктері де аз емес. Міне, енді, әлем чемпионатында топ жарды. Бұл біз үшін үлкен қуаныш, — дейді спортшының әкесі Ерболат.

Иә, шынымен-ақ қара белбеудің иегері атанған Кемел талай жарыстан олжамен оралды. Қалалық, облыстық және республикалық додаларда жасындай жарқылдады. Биылғы көктемде Түркияда өткен Еуразия чемпионатында жеңіс тұғырынан көрінді. Оның осындай биікке қол жеткізуіне бапкері, каратэ тілімен айтқанда, сенсеі Шолпан Бегендікованың сіңірген еңбегі аз емес.

Кемелдің бойындағы еңбексүйгіштік, ізденімпаздық қасиет отбасынан дарығаны

анық. Атасы Еркін ауылшаруашылығы саласында ұзақ жылдар жемісті еңбек еткен. Қазір зейнет демалысында. Әкесі Ерболат Алматыдағы Қазақ ұлттық медицина университетінің оқытушысы. Ал анасы Перизат жеке кәсіпкер. Соңынан ерген іні-қарындастарына — Кенел, Құрмет және Парасатқа ол қашанда ағалық ақылын айтудан жалықпайды.

Жас чемпионның салмақты мінезіне риза болдық. Аспайды, саспайды. Қойған сұрағымызға тиянақты жауап қайтарып отырды.

— Жапонияда өткен жарыс өте тартысты болды. Қырық шақты мемлекеттен келген спортшылар бақтарын сынады. Бұл додада екі бағдарлама бойынша сынға түстім. Олар кате және кумите деп аталады. Екеуінде де қола жүлдегер атандым. Жеңіспен оралғаным ризамын, — дейді Кемел Ерболатұлы.

Міне, жаңа оқу жылы да басталды. Кемел жетінші сыныпқа көшті. Алматыдағы №147 мектеп-гимназиясының есігін енді әлем чемпионы болып ашты. Кемелдің келешегіне зор сенім артамыз.

Болат МӘЖИТ
ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫ

